

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Қала мен ауыл жолдарының қиындығы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
13.12.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/147836/

Ауыл — тіршілік тамыры. Өркениет атаулының бәрі ауылдан бастау алған. Әлемдегі ең ірі Нью-Йорк қаласының өзі кезінде ауылдан өсіп мегаполиске айналды. Ауыл — тіршіліктің ажырамас бір бөлігі. Сондықтан да адам өмірінде ауылдың алар орны өте ерекше. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында ауылды жерлерді ұмыт қалдырмай, керісінше, бар назарды ауылға салу керектігін жазған болатын. Ауыл көркейсе — мемлекет те көркейеді. Себебі мемлекетті азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырған — ауыл тұрғындары. Осы орайда ауыл тұрғындарына өмір сүруге жайлы орта жасап беру — басты назарда. Бірақ осы ауыл мен қаланың ортасындағы жолдардың жүруі тіптен мүмкін емесін байқап жатамыз. қазіргі таңда Қарқаралы — Қарағанды тас жолдары тегіс жөнделуде. Осы жолдың жарамсыздығынан көп адам зардап шегуде, қаламен ауыл ортасындағы жол апатыда күннен күнге өсуде оның себебінің біріде жолдың жөнделмеуінде емеспе?

Президент Қасым Жомарт Тоқаев Қарағанды — Қарқаралы тас жолын жөндеуді тапсырған болатын, қазіргі таңда сәтті жұмыс жүруде десем болады. Себебі өз көзіммен көріп жұмыс бағытын тамашалағанмын. Осы жолдың нашарлығынан Қарқаралы өңіріндегі туризм ақсауда, қыруар қаржыдан қағылып отырған ауданымызға көп әсерін тигізуде. Жолдың бағыты жөнделіп елімізді көркейтуге ат салысайық.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.